

ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

МРНТИ 06.56.25

10.51889/3078-8579.2025.85.3.005

А.К. Адельбаева¹

¹ *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа

Шағын және орта кәсіпкерлік қазіргі нарықтық экономиканың маңызды элементі болып келеді. Ол жұмыс орындарын ашуға, инновацияларды ынталандыруға, экономикалық жүйенің икемділігі мен бейімділігіне әсер етеді. Әлемнің көптеген елдерінде шағын және орта кәсіпкерлік жалпы ішкі өнімнің едәуір бөлігін қалыптастырып, әлеуметтік тұрақтылық пен аймақтық дамуда шешуші рөл атқарады. Жаһандану мен тез өзгеріп отыратын экономикалық ортада шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға ерекше назар аудару қажет.

Ел экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік келесідей факторлармен анықталады: нарықтың экономиканың жалпы субъектілерінің арасында шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлердің саны, ЖІӨ құрамындағы шағын кәсіпорындардың қосатын үлесі, бюджетті қалыптастырудағы үлесі, шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылған еңбекке жарамды халық саны, жұмыссыздықты азайтуға қосқан үлесі, тұтыну тауарларымен нарықты қанықтыру. Мақалада Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің даму мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: шағын кәсіпкерлік, мемлекет, экономика, Қазақстан Республикасы, орта кәсіпкерлік, халықты жұмыспен қамту.

Адельбаева А.К. ¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая г. Алматы, Казахстан*

РОЛЬ МАЛОГО И АРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ЭКОНОМИКЕ

Аннотация

Малое и среднее предпринимательство является важнейшим элементом современной рыночной экономики. Оно способствует созданию рабочих мест, стимулирует инновации, обеспечивает гибкость и адаптивность экономической системы. Во многих странах мира МСП занимает значительную долю в валовом внутреннем продукте, а также играет ключевую роль в социальной стабильности и региональном развитии. В условиях быстро меняющейся экономической среды и глобальных вызовов поддержка и развитие малого и среднего бизнеса приобретают особое значение.

Роль малого предпринимательства в экономике страны определяется следующими факторами: численностью малых предприятий и индивидуальных предпринимателей в общей численности субъектов рыночной экономики; вкладом малых предприятий в создании ВВП; вкладом субъектов малого предпринимательства в формирование бюджетов; ростом численности на малых предприятиях занятого трудоспособного населения, вкладом в сокращении числа безработных; насыщением рынка потребительскими товарами и так далее. В

статье рассматриваются вопросы развития малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан.

Ключевые слова: малое предпринимательство, государство, экономика, Республика Казахстан, среднее предпринимательство, занятость населения.

Adelbayeva A.K.¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN THE ECONOMY

Abstract

Small and medium-sized enterprises are an essential element of a modern market economy. They contribute to job creation, stimulate innovation, and ensure the flexibility and adaptability of the economic system. In many countries around the world, SMEs account for a significant share of the gross domestic product and play a crucial role in social stability and regional development. In a rapidly changing economic environment and facing global challenges, supporting and developing small and medium-sized businesses has become increasingly important.

The role of small business in the country's economy is determined by the following factors: the number of small enterprises and individual entrepreneurs in the total number of market economy entities; the contribution of small enterprises to the creation of GDP; the contribution of small business entities to the formation of budgets; the growth of the number of employed working-age population in small enterprises, and the contribution to reducing the number of unemployed; the saturation of the market with consumer goods, and so on. The article discusses the development of small and medium-sized enterprises in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: small business, government, economy, Republic of Kazakhstan, medium-sized business, employment.

КІРІСПЕ.

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау мемлекет үшін басым бағыттардың бірі. Себебі ол экономиканың тұрақты дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруда маңызды рөлге ие. Шағын және орта кәсіпкерлік экономиканы әртараптандыруға, жұмыс орындарын құруға, салық түсімдерін ұлғайтып, ішкі нарықты дамытуға тікелей әсер етеді. Оны қолдау ұзақ мерзімді экономикалық өсудің, әлеуметтік тұрақтылыққа жетудің және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартудың кепілі.

Зерттеу мақсаты – шағын және орта кәсіпкерліктің мәнін ашу, экономикадағы рөлін сипаттау, Қазақстанда шағын және орта бизнестің қалыптасуын және ағымдық жағдайын талдау.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесідей әдістер қолданылды:

1. Тақырыпқа байланысты қолданыстағы ғылыми жұмыстарға шолу;
2. Шағын және орта кәсіпкерлік бойынша ақпараттарды талдау;
3. Статистикалық мәліметтерді, талдау.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ. Шағын және орта кәсіпкерлік қазіргі қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму беталысын анықтайтын шешуші фактор болып табылады. Оның дамуы нарықтық механизмдермен қоса тұрақты орта таптарды қалыптастыруға ықпал етеді. Шағын бизнес субъектілерінің нарық конъюктурасындағы өзгерістерге жедел бейімделуі, жедел шешім қабылдауының арқасында олар әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуда,

халықты жұмыспен қамтуда және белгілі бір тауарлар мен қызметтерге сұранысты қанағаттандыруда ерекше орынға ие.

Шағын компаниялар тұтынушылардың сұранысындағы өзгерістерге тез бейімделеді, соның арқасында тұтыну нарығында қажетті тепе-теңдікті сақтайды және бәсекелік ортаны қалыптастырады. [1]

Шағын және орта кәсіпкерліктің тиімді жұмыс істеуі экономиканың дамуына елеулі әсер етеді. Атап айтсақ:

- бәсекелік орта қалыптасады;
- нарық тауарлар мен қызметтерге қанығады;
- қосымша жұмыс орындары ашылады;
- салық түсімдері көбееді;
- орташа тап қалыптасады. [2]

Кәсіпкерліктің принциптері бар оларға экономикалық орындылық, жағдайлық, жеке жауапкершілік, клиентке бағытталу, даму, икемділік, бейімділікті жатқызуға болады. [3]

Шағын және орта бизнес – шағын көлемдегі кәсіпкерлік қызмет. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып қызметкерлер саны, орташа жылдық табысы бойынша белгілі бір талаптарға жауап беретін кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар саналады. Кәсіпкерлік кодекске сәйкес жұмысшылардың орташа жылдық санына және орташа жылдық табысына қарай кәсіпкерлер шағын кәсіпкер, оның ішінде микрокәсіпкер субъектілері, орта кәсіпкерлік және ірі кәсіпкерлік субъектілері болып бөлінеді. [4]

Қызметкерлердің орташа жылдық саны 15 адамнан аспайтын немесе жылдық орташа табысы қолданыстағы 30 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын жеке кәсіпкерлер (ЖШС) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

Орта кәсіпкерлік субъектілеріне қызметкерлердің орташа жылдық саны

100-250 адамды құрайтын және жылдық орташа табысы 300 000 – 3 000 000 еселенген айлық есептік көрсеткіш шамасындағы жауапкершілігі шектелі серіктестіктер жатады. Ал ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жұмысшыларының орташа жылдық саны 250 адамнан асатын және орташа жылдық табысы 3 000 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер жатады. [5]

1991 жылдан тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан жеке секторды дамыту мен шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін көптеген күш салуда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономика көптеген өтпелі қиыншылықтардан өтті, алайда уақыт өте келе іскерлік климат пен кәсіпкерлікті қолдауға байланысты көптеген реформалар енгізіліп, сол бағытта ірі іс-шаралар жүзеге асырылды. [6]


Шағын және орта бизнестің Қазақстанда қалыптасуы мен дамуы келесідей этаптар бойынша жүзеге асырылды:

- 1986-1990 жылдар. Тәуелсіздік алғанға дейінгі шағын бизнес
- 1991-1996 жылдар. Нарықтық экономикаға бастапқы өту барысындағы шағын бизнес
- 1991-1996 жылдар. Қазақстандағы нарықтық қатынастардың қалыптасуы сатысындағы шағын бизнес
- 1997-2000 жылдар. Шағын кәсіпкерлікті дамытудың қазіргі кезеңі.

Қазақстандағы отандық кәсіпкерлік экономикада мемлекеттік меншік орын алған, өткір тауар жетіспеушілігі, гиперинфляция кезеңімен қатар келген тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап қалыптасты. Шағын және орта кәсіпкерлік көбіне мемлекеттің қолдауының арқасында қарқынды даму үстінде. ШОБ құрылымына үңілсек, онда сауда саласы мен айтарлықтай кәсібилікті талап етпейтін салалардағы жеке кәсіпкерліктің үлесінің басымдығын байқаймыз. [1]

Шағын және орта бизнестің артықшылықтары өте көп, мысалы, шағын кәсіпкерлік үшін ірі көлемде инвестициялар салудың қажеті жоқ, сонымен қатар, ресурс айналымының жылдамдығы да жоғары, нарықты тұтыну тауарларымен тез толықтыру бейімділігі де жоқ емес. [7]


Шағын және орта кәсіпкерліктің еліміздегі ағымдағы жағдайына келсек, 2024 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері 4% өскен, 2 262 данаға дейін артқан. Шағын және орта кәсіпкерлік үлесі 97,2% дейін артқан. 2019-2024 жылдар аралығында ШОК тіркелген санының орта жылдық көрсеткіші 6,9% шамасында. Оны төмендегі суреттен қарай аламыз.



Сурет 1. 2021-2024 жылдарда ҚР тіркелген ШОК субъектілері санының динамикасы (мың дана) [8]


Көріп отырғанымыздай, ШОК саласы жыл санап артып келеді, сонымен қатар тіркелген және қазіргі таңда қызмет етіп отырған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санында аздаған алшақтық бар. Бірақ соған қарамастан қызмет етіп отырған шағын кәсіпкерлік субъектілерінде оң беталысты байқаймыз. 2024 жылдың қорытындысы бойынша шағын орта кәсіпкерлік субъектілері екі миллионнан асқан. ШОК субъектілерінің көбісі Алматыда (18,4%), Астанда (12,2%), Түркістан (9,2%) мен Алматы (8,6%) облыстарында шоғырланған. 35,7% шағын және орта кәсіпорындар көтерме және бөлшек саудада, 14,2% қызмет көрсету салаларында, 13,7% ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру саласында еңбек етіп отыр. [9]

Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің мәліметтеріне сәйкес 2024 жылдың аяғында 9 214 мың адамды құраған. Ал ШОК саласында жұмыспен қамтылғандар саны - 4 422 мың адам. Ол 2025 жылдың басында барлық жұмыспен қамтылғандардың 48,0% құрап отыр. Өткен жылмен салыстырғанда ШОК жұмыспен қамтылғандар 1,1%-ға өскен. Сонымен қатар еліміздегі жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 1,5%-ға артқан.



Сурет 2. 2021-2024 жылдарда ҚР жұмыспен қамтылғандар санының динамикасы [8]

Байқағанымыздай 2021–2024 жылдар аралығында елімізде жұмыспен қамтылғандар саны, оның ішінде ШОК саласында да артып отыр. ШОК саласында шешімін тауып келе жатқан келесі мәселе осы саланы қаржыландыру шаралары. Келесі кезекте жалпы экономиканы қаржыландыруға бөлінген несиелеу мөлшерін қарастыратын боламыз.



Сурет 3. 2021-2024 жылдарда экономика мен шағын кәсіпкерлікті несиелеу көлемі [8]

2024 жылы банктік несиелеу көлемі 20,1% өсім көрсетіп, 36,9 трлн теңгеге жеткен. Өсім экономиканың көптеген секторларында және несиелеудің барлық нысандарында байқалады. Оның ішінде 2024 жылы өсім 18,5% құраған. Кәсіпкерлік мақсаттарға арналған несиелер 18,9 трлн теңгеге жеткен. Шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары қызмет етіп отырған кәсіпкерлерді сақтап қана қоймай, сонымен қатар жаңа кәсіпкерлер санының артуына әкелді. 2024 жыл соңында шамамен 2 миллионға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызмет етіп отыр, онда мемлекетіміздің экономикалық белсенді халықтың жартысына жуығы жұмыс істейді. Кәсіпкерліктің жалпы ішкі өнімдегі үлесі де артып отыр, бұл бизнес – мемлекеттің «Даму» қорының бірлескен жұмысының нәтижесі. Бүгінгі таңда мемлекетіміз қазақстандық кәсіпкерлікті дамытудың, оның ішінде «Даму» қоры көрсететін мемлекеттік қаржылық қолдау құралдары арқылы сенімді іргетасын қалап отыр. 2024 жылы елімізде қызмет етіп отырған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2,1 млн жетіп, 3,5%-ға артты. Ал ШОК жұмыс істейтіндер саны 4,4 миллион адамға жетті, олда 2,2% өсім көрсетіп отыр.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ - дегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі 39,7% немесе 53,3 трлн теңгеге жетіп отыр. Өсім экономиканың барлық салалары бойынша байқалады. Қазақстанда ШОК дамуы мемлекеттің экономикалық саясатының шешуші басымдылығының бірі. 2024–2033 жылдарға арналған Қордың даму Стратегиясына сәйкес, 2050 жылға дейін ШОК ЖІӨ-дегі үлесін 50%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр. Бұл мақсаттарға жету үшін Қор қолдаудың келесідей кең ауқымды шараларын ұсынып отыр: несиелер бойынша пайыз мөлшерлемелерін субсидиялау, кепілдік беру, кәсіпкерлерге кеңес беру және оқыту, серіктес қаржылық ұйымдар арқылы қаржыландыру. [8]

Шағын және орта бизнес санының өсуінде мемлекеттік қолдаудың да әсері бар. Үкімет кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға, оқыту мен кәсіби біліктілікті арттыруға, сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерінің экспорттық қызметін ынталандыруға бағытталған қолдау бағдарламаларын іске асыруды жалғастырып отыр. Қазақстанда ШОБ қолдау мен дамыту үшін консалтингтік және ақпараттық қызметтер ұсынатын гранттар мен несиелер туралы бағыт-бағдар беретін, халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік беретін мамандандырылған кәсіпкерлікті қолдау институттары құрылды. [10]

ҚОРЫТЫНДЫ. Бүгін шағын және орта бизнес кез келген мемлекеттің дамуының негізіне айналып отыр. Осы салада халықты жұмыспен қамту мәселесі шешіліп, ішкі нарық отандық тауарлар мен қызметтерге қанығады, бәсекелестік орта қалыптасады. Елімізде ШОК экономиканың локомотивіне айналу үшін оған жан жақтан қолдау қажет. Жоғарыда келтірілген талдауда шағын және орта бизнестің даму беталысының оң тенденциясын байқап отырмыз. ШОК дамуы тұрақты экономикалық өсуге ықпал етеді, дағдарыс жағдайларында ұлттық экономиканың тұрақтылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арыстанова Назгуль Кайратовна СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ МАЛОГО БИЗНЕСА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН // ИННОВАЦИОННАЯ ЭКОНОМИКА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ, №7 (41), 2019 С. 5-11

2. Дуйсембаева Л.К. Роль малого предпринимательства в экономическом развитии РК. Professional science applies the Creative Commons Attribution (CC BY 4.0) license to the materials published <https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/deed.ru>

3. Никитина Н. Ю., Корунов С. М., Яшин А. А., Опарин И. Д. Предпринимательство: учебное пособие / Н. Ю. Никитина, С. М. Корунов, А. А. Яшин, И. Д. Опарин; под общ. ред. Н.Ю. Никитиной; Министерство науки и высшего образования Российской Федерации, Уральский федеральный университет. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2020. – 256 с

4. Категории субъектов предпринимательства [Электрон.ресурс]. – 2025. – URL: <https://uchet.kz/tags/m/malyy-i-sredniy-biznes.html>. Дата обращения 20.08.2025
5. Определение категорий субъектов частного предпринимательства [Электрон.ресурс]. – 2025. – URL: <http://www.gov.kz/situations/99/300?lang=ru>. Дата обращения 20.08.2025
6. Алибиева Л.А. Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 1 (82) Том 3. ЯНВАРЬ 2025 г. УДК 338.2 Университет Нархоз (г. Алматы, Казахстан) ЗНАЧЕНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА (МСП) ДЛЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА. С 21-29
7. Елишбаев Р.К. Современное состояние и направления развития малого и среднего бизнеса Республики Казахстан. Вестник университета «Туран». 2021;(1):84-90. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-1-84-90>
8. ГОДОВОЙ ОТЧЕТ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ФОНД РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА «ДАМУ» ЗА 2024 ГОД
9. Итоги 2024 года: доля МСБ в экономике Казахстана выросла на 1,8%. [Электрон.ресурс]. – 2025. – URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6461228-itogi-2024-goda-dolya-msb-v-ekonomike-kazahstana-vyroslo-na-18.html>. Дата обращения 20.08.2025
10. Экономика Казахстана 2024. Цифры, анализ, прогнозы. [Электрон.ресурс]. – 2025. – URL: <http://marketingcenter.kz/20/economy-kazakhstan.html#nsp>. Дата обращения 20.08.2025.

References

1. Arystanova Nazgul Kajratovna STANOVLENIE I RAZVITIE MALOGO BIZNESA V RESPUBLIKE KAZAHSTAN // INNOVACIONNAYA EKONOMIKA: PERSPEKTIVY RAZVITIYA I SOVERSHENSTVOVANIYA, №7 (41), 2019 S 5-11
2. Dujsembaeva L.K. Rol malogo predprinimatelstva v ekonomicheskom razvitii RK. Professional science applies the Creative Commons Attribution (CC BY 4.0) license to the materials published <https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/deed.ru>
3. Nikitina N. Yu., Korunov S. M., Yashin A. A., Oparin I. D. Predprinimatelstvo : uchebnoe posobie / N. Yu. Nikitina, S. M. Korunov, A. A. Yashin, I. D. Oparin; pod obsh. red. N. Yu. Nikitinoj ; Ministerstvo nauki i vysshego obrazovaniya Rossijskoj Federacii, Uralskij federalnyj universitet. – Ekaterinburg : Izd-vo Ural. un-ta, 2020. – 256 s
4. Kategorii subektov predprinimatelstva [Elektron.resurs]. – 2025. – URL: <https://uchet.kz/tags/m/malyy-i-sredniy-biznes.html>. Data obrasheniya 20.08.2025
5. Opredelenie kategorij subektov chastnogo predprinimatelstva [Elektron.resurs]. – 2025. – URL: <http://www.gov.kz/situations/99/300?lang=ru>. Data obrasheniya 20.08.2025
6. Alibieva L.A. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «VESTNIK NAUKI» № 1 (82) Том 3. ЯНВАРЬ 2025 г. УДК 338.2 Университет Нархоз (г. Алматы, Казахстан) ЗНАЧЕНИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА (МСП) ДЛЯ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА. С 21-29
7. Elshibaev R.K. Sovremennoe sostoyanie i napravleniya razvitiya malogo i srednego biznesa Respubliki Kazahstan. Vestnik universiteta «Turan». 2021;(1):84-90. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-1-84-90>
8. ГОДОВОЙ ОТЧЕТ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ФОНД РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА «ДАМУ» ЗА 2024 ГОД
9. Итоги 2024 года: доля МСБ в экономике Казахстана выросла на 1,8%. [Elektron.resurs]. – 2025. – URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6461228-itogi-2024-goda-dolya-msb-v-ekonomike-kazahstana-vyroslo-na-18.html>. Data obrasheniya 20.08.2025
10. Экономика Казахстана 2024. Cifry, analiz, prognozy. [Elektron.resurs]. – 2025. – URL: <http://marketingcenter.kz/20/economy-kazakhstan.html#msp>. Data obrasheniya 20.08.2025.